



216 19.05.2025



БЕКІТЕМІН
«ОҚМА» АҚ ректоры
Ж.С.Сейтжанова
2025 ж.

**«ҮЗДІК ЖАСТАР» БАЙҚАУЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ**

Е 240-2025

Күні	Көшірме	Басылым
		Төртінші

Шымкент

9	ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
	Жастар саясаты бөлімі	Е 240-2025
	«Үздік жастар» байқауының ережесі	4-ші басылым 9 беттің 2 беті

1. «ОҚМА» АҚ Жастар саясаты бөлімі ӘЗІРЛЕП, ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ.

2. «ОҚМА» АҚ Сапа бойынша Кеңестің шешімімен БЕКІТІЛДІ.

Кезеңді тексеру мерзімі – 3 жыл

9	ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
	Жастар саясаты бөлімі	Е 240-2025
	«Үздік жастар» байқауының ережесі	4-ші басылым 9 беттің 3 беті

МАЗМҰНЫ

1.Нормативтік сілтемелер.....	4
2.Терминдер, анықтамалар және қысқартулар.....	4
3.Ұйымдастыру құрылымы.....	5
4.Байқаудың мақсаттары мен міндеттері.....	5
5.Байқаудың номинациялары мен талаптары.....	5
6.Үміткерлерге қойылатын талаптар.....	7
7.Байқаудың өткізілу мерзімі мен кезеңдері.....	7
8.Байқауға қажетті құжаттар.....	7
9.Байқауды қорытындылау.....	8

9	ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
Жастар саясаты бөлімі		Е 240-2025
«Үздік жастар» байқауының ережесі		4-ші басылым 9 беттің 4 беті

1 НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы «Үздік жастар» байқауының ережесінде келесідей нормативтік құжаттардың талаптары ескеріліп, әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Білім туралы Заңы: 2007 жылғы 27 шілде, № 319 (өзгерістер мен толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңы: 2015 жылғы 18 қараша, № 410-V (өзгерістермен және толықтырулармен);

- Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі: 2015 жылғы 23 қараша, №414- V ҚРЗ;

- білім беру ұйымдарында оқыту процесінің тәрбиелік құрамдасын күшейту жөніндегі үлгілік кешенді жоспарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы № 873 Қаулысы;

- жоғары кәсіптік білім берудің бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының жұмысын ұйымдастырудың типтік ережелері Қазақстан Республикасы Үкіметінің 20.05.2013 жылғы № 499 Қаулысы;

- ISO 9000:2015. Сапа менеджменті жүйелері. Негізгі ережелер мен сөздік;

- ҚР СТ ISO 9001-2016. Сапа менеджменті жүйелері. Талаптар;

- СТ 002-2024. Ішкі нормативтік құжаттарын басқару;

- СТ 003-2024. Ұйымдастыру құжаттарын басқару;

- СТ 011-2024. Персоналды басқару;

- СТ 012-2025. Әкімшілік-басқару персоналының, профессорлық-оқытушылық құрамның және ғылыми қызметкерлердің біліктілігін арттыру;

-СТ 023-2024 «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ білім беру қызметінің сапасын ішкі қамтамасыз ету стандарттары;

- тәрбие жұмысының үлгілік кешенді жоспарындағы рухани-адамгершілік тұрғысынан өзін-өзі дамыту және жетілдіру мүмкіндіктерін тану, адамгершілік-мәдени, эстетикалық және этномәдени тәрбиелеу, талантты студент жастарды анықтау, шығармашылық потенциалын дамыту бағыты

2 ТЕРМИНДЕР, АНЫҚТАМАЛАР ЖӘНЕ ҚЫСҚАРТУЛАР

Осы ережеде келесі терминдер, анықтамалар және қысқартулар пайдаланылды:

- ҚР ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі,
 - ҚР ҒЖБМ - Қазақстан Республикасы ғылым және жоғарғы білім министрлігі,

9	ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
	Жастар саясаты бөлімі	Е 240-2025
	«Үздік жастар» байқауының ережесі	4-ші басылым 9 беттің 5 беті

- «ОҚМА» АҚ - «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» акционерлік қоғамы

- ЖСБ - Жастар саясаты бөлімі,
- ЖОО - жоғары оқу орны.

3 ҰЙЫМДАСТЫРУ ҚҰРЫЛЫМЫ

«ОҚМА» АҚ байқаудың өкілетті органы болып танылады. «ОҚМА» АҚ-ның Жастар саясаты бөлімі байқауды ұйымдастырады.

«Үздік жастар» байқауын ұйымдастыру жылдың басында кешенді жоспарға енгізіліп, бекітіледі. Байқаудың өткізілетіндігі туралы хабарлама алдын ала барлық деканатқа, кафедраларға, студенттерге тарқатылу керек. Байқауды ұйымдастыру бойынша шаралардың жоспары жасалынып, үміткерлерден құжаттар жинақталу керек. Құжаттарды презентация түрінде және қағаз түрінде тапсырады. Арнайы комиссия құжаттарды қарап, белгіленген тәртіппен үздіктерді анықтайды. Ұйымдастырушылар марапаттау кезеңін өткізеді.

4 БАЙҚАУДЫҢ МАҚСАТТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

4.1. Мақсаты:

- білімді, дарынды, белсенді жастардың мәртебесін арттыру. «ОҚМА» АҚ-ның қоғамдық өміріне белсене араласып, зор үлесін қосқан көшбасшылар мен әр салада (ғылым, білім, спорт) өз мамандығының шеберлерін анықтау және марапаттау.

4.2. Міндеттері:

- өз қабілеттерін белгілі бір шығармашылық салада байқап көре білетін, кәсіби деңгейі жоғары шығармашыл және дарынды студенттерді анықтау;
- қазақстандық тәрбие жүйесін дамытудың инновациялық идеяларын қолдау және дәріптеу;
- «ОҚМА» АҚ-да білім мен тәрбиенің мәртебесін, маңызын арттыру, тәрбие құндылығына «ОҚМА» АҚ ұжымының оң көзқарасын қалыптастыру.

5 БАЙҚАУДЫҢ НОМИНАЦИЯЛАРЫ МЕН ТАЛАПТАРЫ

Байқаудың номинациялары мен талаптары келесідей:

- «Үздік жас ғалым» - «ОҚМА» АҚ-ның жалпы оқу жылдарында білім мен ғылым саласы бойынша жасалған жобалары мен түрлі тақырыптағы ғылыми іс-әрекеттері және халықаралық, республикалық және де т.б. деңгейде жобаларын таныстырған студент. Ғылым бағытында жарыққа шыққан

9	ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
	Жастар саясаты бөлімі	Е 240-2025
	«Үздік жастар» байқауының ережесі	4-ші басылым 9 беттің 6 беті

баяндамалары мен мақалалары жетістікке, табысқа жеткен студент. Сонымен қатар олимпиадаларда жүлделі орындар иеленген, GPA балы жоғары үміткер;

- «Үздік студент» - толық оқу жылдары бойынша сабақ үлгерімі мен GPA балы жоғары, «ОҚМА» АҚ-ның қоғамдық және ғылыми жұмыстарында, сонымен қатар республикалық, облыстық іс-шараларда белсенділік танытқан үміткер;

- «Үздік бітіруші» - академиялық оқу жылдарының есебі бойынша барлық курста оқуда озат болып, GPA балы жоғары бағаларға ие болған, қоғамдық жұмыстарға белсенді атсалысқан үміткер;

- «Үздік топ басшы» - GPA балы жоғары, оқу үлгерімі мен топ студенттерінің қозғалысына толық жауапкершілікпен қарайтын және топ студенттерінің сабақ үлгерімі мен қоғамдық іс-шараларға қатысқанын қадағалаушы. Өз тобының студенттеріне жанашыр, әрқашан қолдап жүретін үміткер;

- «Үздік топ» - топтағы студенттердің GPA балы жоғары, сабақ үлгерімі мен қоғамдық іс-шараларға белсенді, әрі барша студенттермен ынтымақты топ;

- «Үздік I курс студенті» - бір жылдық есеп бойынша сабақ үлгерімі мен GPA балы жоғары, қоғамдық жұмыстарға белсенділігі және ғылыми жетістіктері жоғары студент;

- «Үздік спортшы» - халықаралық, республикалық, облыстық, және ЖОО-аралық және т.б. деңгейде спорттық ойындарында жоғары жетістіктер мен табыстарға жеткен үміткер;

- «Үздік пікір сайысшы» - халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық және ЖОО-аралық деңгейде «ОҚМА» АҚ атын таныстырып, дебат ойындарында (пікір сайыс ойындары) жетістікке жеткен үміткер;

- «Үздік көшбасшы» - GPA балы жоғары, «ОҚМА» АҚ қабырғасында, студенттер арасында белсенділігін жоғары үлгіде танытқан және барлық іс-шараларға атсалысқан лайықты студент. Ұйымдар мен топтар арасында қамқорлық танытып, дұрыс жол көрсете білген, басқару қабілеті жоғары үміткер;

- «Үздік ұйым басшысы» - жыл бойы жоспарға сәйкес және жоспардан тыс жұмыстар атқарып, белсенділік танытқан ұйым басшысы;

- «Үздік ұйым» - барлық ұйым арасынан белсенділік танытып, іс-шараларға қатысатын, қоғамдық жұмыстарда өнер көрсетіп, қызмет жасайтын ұйым. Республика, облыс, қала деңгейіндегі шаралардан сертификаттары мен алғыс хаттарға ие болған ұйым;

- «Үздік ерікті» - өз еркімен республика мен қала деңгейінде, оқу орнында қайырымдылық жұмыстарымен айналысып, қоғамдық жұмыстарға атсалысқан студент. Арнайы дипломдар мен сертификаттарға ие болған үміткер;

9	ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
	Жастар саясаты бөлімі	Е 240-2025
	«Үздік жастар» байқауының ережесі	4-ші басылым 9 беттің 7 беті

- «Үздік медиа менеджер» - «ОҚМА» АҚ-ның ақпараттық медиа саласына елеулі үлес қосқан, заманауи стильде жұмысын атқаратын студент. Барлық іс-шараларды қатесіз әлеуметтік желілерге салып, жаңалықтардан хабардар етіп отыратын үміткер;

- «Үздік студенттік декан» - «ОҚМА» АҚ-ның білім саласына елеулі үлес қосқан, GPA балы жоғары, факультет студенттерін дұрыс бағытта басқара алатын студент. «ОҚМА» АҚ өмірінде қоғамдық шараларға қатысып, белсенді бола білген үміткер;

- «Үздік колледж студенті» - колледж студенттері арасында GPA балы жоғары, қоғамдық жұмыстарда белсенді, сонымен қатар, оқу үлгерімі жақсы, арнайы сертификаттары мен жүлделі орындарға ие болған үміткер;

- «Үздік талапкер» - «ОҚМА» АҚ жоғарғы балмен түскен, талапкерлер арасында белсенділік танытып, арнайы марапаттары бар үміткер.

6 ҮМІТКЕРЛЕРГЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

6.1. «ОҚМА» АҚ-да орта білім, бакалавриат немесе магистратура бойынша білім алушы болып табылатын тұлға қатыса алады.

6.2. Байқауға қатысушы «ОҚМА» АҚ-да сабақ үлгерімі жақсы, GPA балы жоғары, республикалық, облыстық, қалалық іс-шараларға белсене қатысып, жетістіктерге жеткен жан-жақты тұлға болуы тиіс.

6.3. Тапсыратын құжаттары толық, нақты, ретті болуы шарт.

7 БАЙҚАУДЫҢ ӨТКІЗІЛУ МЕРЗІМІ МЕН КЕЗЕҢДЕРІ

7.1. I кезең: байқаудың негізгі кезеңі – оқу жылының наурыз айында жүргізіледі. Хабарландыру жасалынып, үміткерлерге қойылатын талаптар тарқатылады. Құжаттар жиналады.

7.2. II кезең: анықтау кезеңі – арнайы құрылған комиссия арқылы жиналған құжаттар қаралып, үздіктер анықталады.

7.3. III кезең: марапаттау кезеңі «Үздік жастар» байқауының қорытынды кешінде марапатталады.

8 БАЙҚАУҒА ҚАЖЕТТІ ҚҰЖАТТАР

8.1. Байқаудың іріктеу кезеңіне қатысу үшін төменде аталған құжаттар жастар бөліміне тапсырылуы тиіс:

- кафедра меңгерушісінің байқауға қатысатын үміткерге берілген ұсынымы (деканат, кафедра отырысынан хаттама көшірмесі);

- қатысушының өтініші;

- 2 дана түрлі-түсті сурет (10x15);

- кафедра меңгерушісінің байқауға қатысушы үміткерге берген мінездемесі;

9	ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
	Жастар саясаты бөлімі	Е 240-2025
	«Үздік жастар» байқауының ережесі	4-ші басылым 9 беттің 8 беті

- байқауға қатысушы үміткер туралы жалпы мәлімет, байланыс телефондары, электронды мекен-жайы көрсетілген түйіндеме;

- байқауға қатысушы үміткердің оқу кітапшасындағы пайыздық көрсеткіші (GPA-балл);

-байқауға қатысушы үміткердің медаль, кубок, алғыс хат, грамота, сертификат және т.б жетістіктерінің көшірмесі.

8.2. Құжаттар қағаз түрінде және электрондық нұсқалары мен видеоматериалдары презентация түрінде қабылданады. Байқауға ұсынылған құжаттар қайтарылмайды.

9 БАЙҚАУДЫ ҚОРЫТЫНДЫЛАУ

Байқаудың қорытындысы «ОҚМА» АҚ әкімшілігі, профессор-оқытушылық құрамы мен студенттердің қатысуымен салтанатты түрде өтеді. Арнайы бұйрық арқылы комиссия мүшелері құрылып, жеңімпаздар анықталады. Жеңімпаздарға ректорат мүшелерінің атынан атаулы арнайы бір реттік стипендия беріледі.

9	ONTUSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY «Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ	 SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»
	Жастар саясаты бөлімі	Е 240-2025
	«Үздік жастар» байқауының ережесі	4-ші басылым 9 беттің 9 беті

Әзірлеген:

Қызметі	Аты-жөні
Жастар саясаты бөлімінің меңгерушісі	Б.Р.Тасжанов

Тексерген:

Қызметі	Аты-жөні
Сапаны қамтамасыз ету және мониторинг бөлімінің меңгерушісі	Н.Ә.Ержанов
Әкімшілік және құқықтық қамтамасыз ету басқармасының басшысы	О.А.Кабиштаев

Келісілді:

Қызметі	Аты-жөні
Академиялық жұмыстары жөніндегі проректор	М.У.Анартаева
Ғылыми және стратегиялық даму жөніндегі проректор	Н.Е.Аукенов
Тәрбие жұмыстары және әлеуметтік мәселелер жөніндегі проректор	Е.Қ.Сәлім

Лист согласования и подписания

ФИО	Тип действия	Время и дата согласования или подписания	Замечания	Данные по ЭЦП
Тасжанов Берік Рахманәліұлы	Разработано	16.05.2025, 12:00:25	Без замечаний	
Ержанов Нурлан Амирович	Проверено	16.05.2025, 12:33:33	Без замечаний	
Кабиштаев Орынбасар Абдукаримович	Проверено	19.05.2025, 08:59:59	Без замечаний	
Анартаева Мария Уласбековна	Согласовано	19.05.2025, 11:59:00	Без замечаний	
Аукенов Нурлан Ерденевич	Согласовано	19.05.2025, 13:46:12	Без замечаний	
Сәлім Ербол Қалтұрсынұлы	Согласовано	19.05.2025, 15:35:04	Без замечаний	
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Подписано	19.05.2025, 15:55:44	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед
Сейтжанова Жанна Серикжановна	Зарегистрировано	19.05.2025, 15:55:46	Без замечаний	Издатель ЭЦП - ҰЛТТЫҚ КУӘЛАНДЫРУШЫ ОРТАЛЫҚ (GOST) 2022, СЕЙТЖАНОВА ЖАННА, Акционерное общество «Южно-Казахстанская мед

